

**Аудандық қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

№ 6

Мақат аудан әкімдігінің
кіші мәжіліс залы

23 мамыр 2025 жыл
сағат 15:00

Кеңес төрағасы:
Кеңес хатшысы:

Е.О.Жоламанов – қоғамдық кеңес төрағасы
М.Қ.Мурзагалиева – қоғамдық кеңестің хатшысы

**Қоғамдық кеңес мүшелер
қатысқаны:**
Қатыспағаны:

9 адам
2 адам

Баяндамашылар:

Мақат кент әкімі Болатбек Амандықұлы Сарсенов. Доссор кент әкімі Аслан Елеусінұлы Космағамбетов. Бәйгітөбе ауылдық округінің әкімі Махмұт Кенжебек Махмутұлы. Амерханов Талғат Аманжанұлы – Мақат ауданы полиция бөлімі бастығы полиция полковнигі. Ардақ Жұмабайқызы – аудан әкімі аппаратының жалпы бөлім басшысы. Мақат ауданының қоғамдық кеңес төрағасы Ерғазы Оспанұлы Жоламанов. Мақат ауданы тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекция бөлімінің басшысы Н.Б.Булеков

**Қоғамдық кеңестің
отырысына шақырылғандар:**

Мақат ауданының әкімі Мәмбетов Азамат Саматұлы. Мақат аудандық мәслихатының төрағасы Шаңғалаев Азамат Жәмшібайұлы. Мақат аудандық «Аманат» партия филиалының төрағасы Долдашев Айбол Темірбайұлы. Мақат аудандық прокуроры Рахимов Магилан Еркінұлы. Мақат аудандық ардегерлер кеңесінің төрағасы Халенов Сабит Сүлейменұлы. Мақат аудандық «Алқа Билер» төрағасы Омаров Қабылхан Мұхамбетұлы. Мақат ауданы тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Булеков Нұрболат Бағытжанұлы.

Күн тәртібіне енгізілген мәселелер:

1. Жергілікті атқарушы органмен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы мәселелері туралы және Мақат ауданы бойынша Мақат кентінің, Доссор кентінің, Байгетөбе ауылдық округінде 2024 жылы жасалған жұмыстары және 2025 жылдағы жасалып жатқан жобалық әлеуметтік, экономикалық бағдарламалары жөнінде кент және округі әкімдері арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы мәліметті тындау, ұсыныс жасау. есебін тындау, ұсыныстар жасау.
Баяндамашылар: Мақат кент әкімі Болатбек Амандықұлы Сарсенов. Доссор кент әкімі Аслан Елеусінұлы Космағамбетов. Бәйгітөбе ауылдық округінің әкімі Махмұт Кенжебек Махмутұлы.

2. Мақат ауданы бойынша жергілікте деңгейде заңдылықты қамтамасыз ету және тұрғындардың азаматтық құқтарын және бостандықтарын сақтау мәселелері бойынша тиісті әкімшілік, аудандық бірлік шегінде құқық қорғау орындары басшыларының ақпаратын тындау, ұсыныс жасау.

Баяндамашы: Амерханов Талғат Аманжанұлы – Мақат ауданы полиция бөлімі бастығы полиция полковнигі.

3. Жергілікті атқарушы органдармен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы туралы есебін тындау, ұсыныстар жасау.

Баяндамашы: Ардақ Жұмабайқызы – аудан әкімі аппаратының жалпы бөлім басшысы.

4-ші мәселе бойынша:

А) Қоғамдық кеңес мүшелерінің міндеттері.

Б) Қоғамдық тындауға қатысуы.

В) Қоғамдық бақылау жөнінде аудандағы жасалып жатырған құрылыстардың сапасына бақылау жасау.

Хабарламашы: Мақат ауданының қоғамдық кеңес төрағасы Ерғазы Оспанұлы Жоламанов.

5. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 20-бабына сәйкес, «Мақат ауданы тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекция бөлімі» мемлекеттік мекемесі жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы «Таза Мақат» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын құру туралы» аталған аудан әкімдігінің қаулы жобасын тындау, ұсыныс жасау.

Бірінші мәселе бойынша сөз - Мақат кент әкімі Сарсенов Болатбек Амандықұлына берілді. (баяндама жалғанды)

Төраға : Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында Мақат кент әкімі Сарсенов Болатбек Амандықұлы сөз алып, күн тәртібіндегі баяндама аяқталды. Сұрақтарыңыз болама?

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің мүшесі Р.Үмбетова: Мақат кенттің аумағымен халық саны қандай? Кент әкімі аппараты неше мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді?

Жауап:

Мақат кент әкімі Болатбек Амандықұлы Сарсенов: Мақат кенттің аумағы 4990га. Халық саны 16137 адамды құрайды. Кент әкімі аппараты 6 мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді.

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің мүшесі А.К.Нугиманов: Мақат кенті табиғи газбен, электр желісімен, ауыз сумен қамтылғанба? Кент көшелері жарықталдырылып, кентшілік асфальт жол қанша % төселген?

Жауап:

Мақат кент әкімі Болатбек Амандықұлы Сарсенов: Мақат кенті табиғи газбен, электр желісімен, ауыз сумен қамтылған. Кент көшелері жарықтандырылған, , кентшілік асфальт жол 79 % төселген.

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің мүшесі Ә.Т.Қасым:

Мақат ауданының 100 жылдық мерейтойына және Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына орай қандай іс шаралар атқарылды?

Жауап:

Мақат кент әкімі Болатбек Амандықұлы Сарсенов:

1) Мақат ауданының 100 жылдық мерейтойына орай, орталық алаңға бір фонтан құрылыс салынды, ал екінші фонтан Вокзал маңына орналастырылды. Екі фонтанда қолданымқа берілді.

- 2) Мақат ауданының 100 жылдық мерейтойына арнап, мұнай тасыған түйелер керуені Алаш көшесіне орнатылды.
- 3) Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына орай, кенттегі «Болашақ» ықшам ауданы 6 үйге және ауданымыздан шыққан Ұлы Отан соғысының батыры Мұса Баймұхановтың суреті салынды.
- 4) Кенттің жоспарлы көгаландыру жұмыстары бойынша 142 тал, соның ішінде Ұлы отан соғысының 80 жылдығына орай, «Жеңіс» саябағына шыршалар отырғызылды.

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің мүшесі Г.Габдуллин: Мақат кенті бойынша 2025 жылы алда қандай жұмыстар атқарылады?

Жауап:

Мақат кент әкімі Болатбек Амандықұлы Сарсенов:

- Мақат кенті, Е.Аманбердиев, Мұнайша газеті, Бостандық көшелері мен газпром ықшам ауданында жарық көтере алмай тұрған үйлерге қосымша 4 дана трансформаторларды қою.

- Кентке бағдаршам қою – 2025 жылы – 2 дана (Алаш – Азаттық, Алаш – С.Әлиев көшелерінің қиылысы);

- 2026 жылы – 3 дана – (Азаттық – Н.Шағырова, Азаттық – Ж.Жұмағалиев, С.Мұқашев – Береке көшелерінің қиылысы)Н

- 2027 жылы – 4 дана - С.Әлиев - С.Мұқашев, С.Мұқашев – А.Жұмашева, С.Бекжанов – Қ.Сәтпаев, С.Мұқашев – Азаттық көшелерінің қиылысы);

- Демеушілікпен орталық көшелерге тал егу:

2025 жыл -100 тал;

2026 жылы -120 тал;

2027 жылы – 150 тал;

- Алаш көшесіне бордюр салып, газон егу;

- Жеңіс саябағына талдар егу, фонтан орнату;

- «Мақат кенті әкімі аппараты»ғимаратының 1 қатарына ағымдағы жылда жөндеу жасау;

- Кентшілік 14 км жолға жоба жасақтау;

- Орталық кәріз желісіне жобалық сметалық құжаттама жасақтау;

- Ескі Мақатқа дәрігерлік пункт және аптека ашуға жобалық сметалық құжаттама жасақтау.

- Ауыз су желілерін қайта жаңғыртуға жобалық сметалық құжаттама жасақтау.

Осы мәселе бойынша сөз - Доссор кент әкімі Космағамбетов Аслан Елеусінұлына берілді. (баяндама жалғанды).

Төраға : Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында Мақат кент әкімі Доссор кент әкімі Космағамбетов Аслан Елеусінұлы сөз алып, күн тәртібіндегі баяндама талқыланды.

Сұрақтарыңыз болама?

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің мүшесі Б.Кайырболатұлы: Доссор кенті бойынша 2025 жылы жұмыссыздық мәселелерін шешуге қандай жұмыстар атқарылды?

Жауап:

Доссор кент әкімі Аслан Елеусінұлы Космағамбетов: Доссор кенті бойынша 2025 жылы жұмыссыздық мәселелесін оңтайлы шешу мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылды. Ескене елді мекеніне «ҚазақКонтракшн Групп» жауыпкершілігі шектеулі серіктестігіне 44 адам, кенттегі әлеуметтік сала мен әр түрлі мекемелерге 111адам, қоғамдық жұмысқа 76 адам, әлеуметтік жұмыс орны бағдарламасы бойынша 10 адам, жастар тәжірибесі бойынша 12 адам, «Күміс жас» бағдарламасы бойынша 9 адам жұмысқа орналастырылды.

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің мүшесі Б.Кайырболатұлы: Доссор кенті бойынша тұрғын үймен қамту мәселелерін шешуге қандай жұмыстар жасалды?

Жауап:

Доссор кент әкімі Аслан Елеусінұлы Космағамбетов: Бұл мәселені шешуде 2024 жылы да біршама жұмыстар атқарылды. Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде және ҚР-ның «Тұрғын үй

қатынастары туралы» заңына сәйкес, «Жалғыз үйі апатты деп» танылған кезектегі тұрғындар мен осал топтағы кезегіндегі 41 тұрғынға екі пәтерлі жаңа тұрғын үйдің кілттері салтанатты түрде табысталды.

Доссор – Атырау бағытына қарай жүретін тас жолдың тұсындағы жеке меншік тұрғын үйлер салу үшін 565 жер участкілеріне 2022 жылы құрылысы басталған инженерлік – коммуналдық инфрақұрылым жүргізу жұмыстары 2024 жылы желтоқсан айында аяқталып, құрылысты алыс – беріс актілерімен тапсыру құжаттары мен қосымша жұмыстары 2025 жылы 01 маусымға дейін тапсырылады.

Сұрақ:

Мақат аудандық ардегерлер кеңесінің төрағасы Х.С.Сұлейменұлы: Доссор кенті бойынша 2025 жылы қандай жұмыстар жоспарлануда?

Жауап:

Доссор кент әкімі Аслан Елеусінұлы Космағамбетов:

- Теміржол перронын салу жобасына түзету енгізілуде;
- Көп пәтерлі 60-үйлік құрылысы 2023 жылдың қараша айында басталып, 2025 жылы пайдалануға табыстау жоспарлануда;
- Жобалық – сметалық құжаттамаға сәйкес, кенттегі көшелерге 20 дана аялдама құрылысын салу;
- Жергілікті аудандық бюджет есебінен 2 пәтерлік 40 жеке тұрғын үйлер және Ембімұнайгаз демеушілігімен 2 пәтерлік 30 жеке тұрғын үйлер салу жоспарлануда;
- Аурухана құрылысын салу;
- Н.Құсайынов көшесіндегі саяси қуғын – сүргінге ұшырағандарға арналған зираттын қоршауына, қаражат бөлінген жағдайда ескеркішіне жаңарту жұмыстарын жүргізу.

Осы мәселе бойынша сөз - Бәйгітөбе ауылдық округінің әкімі Махмұт Кенжебек Махмутұлына берілді. (баяндама жалғанды)

Төраға : Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында Бәйгітөбе ауылдық округінің әкімі Махмұт Кенжебек Махмутұлы сөз алып, күн тәртібіндегі баяндама талқыланды.
Сұрақтарыңыз болама?

Төраға: Мақат кенті, Доссор поселкесі және Бәйгітөбе ауылдық округі әкімдіктерінің баяндамаларын қабылдап, қаперге алу ұсынылады.

Төраға: басқа ұсыныс – пікірлеріңіз бар ма?

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің мүшесі Р.Үмбетова: Бәйгітөбе ауылдық округіне қарасты қанша елді мекен бар?

Жауап:

Бәйгітөбе ауылдық округінің әкімі Махмұт Кенжебек Махмутұлы: Бәйгітөбе ауылдық округіне қарасты 9 елді мекен бар: Бәйгітөбе ауылы, Ескене ауылы, Мұнай айдаушылар бөлімшесі, 402 (ПМС), 472, 469 (Таскескен), 441, 414 және 377 бекеттері.

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің төрағасы Е.О.Жоламанов: 377 елді мекенге қашан ауыз су тартылады?

Жауап:

Бәйгітөбе ауылдық округінің әкімі Махмұт Кенжебек Махмутұлы: Бұл ауыз су тартуы жоспарда тұр. Оған жұмыстану керек.

Екінші мәселе бойынша сөз - Мақат ауданы полиция бөлімі бастығы полиция полковнигі Амерханов Талғат Аманжанұлы Амандықұлына берілді. (баяндама жалғанды)

Төраға : Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында Мақат ауданы полиция бөлімі бастығы полиция полковнигі.Амерханов Талғат Аманжанұлы Амандықұлы сөз алып, күн тәртібіндегі баяндама талқыланды.

Сұрақтарыңыз бола ма?

Төраға: Мақат ауданы полиция бөлімі бастығы полиция полковнигі Т.А.Амерхановтың баяндамасын қабылдап, қаперге алу ұсынылады.

Төраға: басқа ұсыныс – пікірлеріңіз бар ма?

Сұрақ:

Мақат аудандық ардегерлер кеңесінің төрағасы Х.С.Сүлейменұлы: Аудан көлемінде қоғамдық тәртіпті тиісінше қамтамасыз ету мақсатында қандай іс шаралар өткізілуде?

Жауап:

Мақат ауданы полиция бөлімі бастығы полиция полковнигі Т.А.Амерханов: Рецидивтік қылмыстардың алдын – алу үшін, аудан бойынша құқық бұзушылықтармен қылмыс көп болатын жерлерде патрульдік қызметі күшейтіліп, аудан көлемінде қоғамдық тәртіпті тиісінше қамтамасыз ету мақсатында, «Тұрмыс», «Есептегі адам», «Құқықтық тәртіп», «Автобус», «Қауіпсіз жол», «Мас жүргізуші қылмыскер», «Таза Қазақстан» атты жедел профилактикалық және басқада жұма, сенбі, жексенбі және мейрам күндері көпдеген локальдық алдын алу іс – шаралары өткізілуде.

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің мүшесі С.А.Асқарұлы: Жол көлігі оқиғалары бойынша қандай мәліметтер бере аласыздар?

Жауап:

Мақат ауданы полиция бөлімі бастығы полиция полковнигі Т.А.Амерханов: Жол көлігі оқиғалары бойынша: 2025 жылы барлығы 21 жол оқиғасы орын алды, оның ішінде зардап шеккен адамдар саны 39, дене жарақатымен 29, қайтыс болған адамдар саны 10.

Оның ішінде: Республикалық тас жолында барлығы 13, зардап шеккендер саны 32, дене жарақатымен қаралған саны 22, қайтыс болғандар саны 10.

Аудан ішінде орын алған жол көлік оқиғасы 6, зардап шеккендер саны 7, қайтыс болғандар саны 0.

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің мүшесі Н.Унгаров: Жол көлігі оқиғаларының басты негізінің себебі қандай және қандай іс шаралар жасалып жатыр?

Жауап:

Мақат ауданы полиция бөлімі бастығы полиция полковнигі Т.А.Амерханов: Жүргізілген талдау бойынша жол көлік оқиғаларының басты негізгі себептері, ол жүргізушілердің жылдамдықты асыруы және қарсы бағытқа шығу салдарынан немесе қараусыз жүрген үй жануарынан.

«КАЗАВтожол» мекемелеріне ұсыныс жолданып, олармен бірлесіп, «Астрахань – Атырау - Ақтөбе» тас жолдарына үй жануарларының макетті және жол белгілері орнатылды.

Доссор кент әкімі Космағамбетов Аслан Елеусінұлынан түскен ұсыныстар:

- 1) Участкелік полиция инспекторы тиісті әкімшілік – аумақтық бірліктің аумағындағы әкімшілік участкада тұратын халық алдында тоқсанына кемінде бір рет есеп беруі туралы.
- 2) Аудандардың, облыстық маңызы барқалалардың жергілікті атқарушы органдары:

А) Ішкі істер органдарымен бірлесіп, тиісті әкімшілік – аумақтық бірліктің аумағында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

Б) Тиісті әкімшілік – аумақтық бірлік аумағындағы әкімшілік участка халқының пікірін ескере отырып, участкелік полиция инспекторларын тағайындау үшін ішкі істер органдарымен бірлесіп, жергілікті қоғамдастықтың жиналысын (жиынын) ұйымдастырады;

В) Қылмыстық жазаларды және қылмыстық - құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын органдармен мекемелердің қызметіне жәрдемдесу жөніндегі, сондай - ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі консультациялық – кеңесші орган құрады;

Г) Жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті органдарға жүктелетін өзге де өкілдіктерді жүзеге асырады.

Үшінші мәселе бойынша сөз — Мақат аудан әкімі аппаратының жалпы бөлім басшысы Ардақ Жұмабайқызына берілді. (баяндама жалғанды)

Төраға : Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында Мақат аудан әкімі аппаратының жалпы бөлім басшысы Ардақ Жұмабайқызы сөз алып, күн тәртібіндегі баяндама талқыланды. Сұрақтарыңыз болама?

Төраға: Мақат аудан әкімі аппаратының жалпы бөлім басшысы Ардақ Жұмабайқызының баяндамасын қабылдап, қаперге алу ұсынылады.

Төраға: басқа ұсыныс – пікірлеріңіз бар ма? Жоқ.

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің мүшесі С.А.Асқарұлы: Мақат ауданы бойынша 2025 жылдың 1 тоқсаны бойынша қандай мемлекеттік қызметтер көрсетілді?

Жауап:

Мақат аудан әкімі аппаратының жалпы бөлім басшысы Ардақ Жұмабайқызы:

2025 жылдың 1 тоқсанында барлығы 615, соның ішінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация арқылы 84, мемлекеттік орган арқылы қағаз жүзінде 14, электронды түрде 517 қызмет көрсетілді.

Жалпы аудан бойынша мемлекеттік көрсітілетін қызметтік сапасының мәселелеріне қатысты 5 шара ұйымдастырылды, түсіндіру жұмыстары 2, бұқаралық ақпарат құралдарына 3 мақала жарияланды.

Қазақстан республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы №78 бұйрығына және аудан әкімінің аппарат басшысының 2024 жылғы 12 желтоқсандағы №58 және 2025 жылғы 7 сәуірдегі №16 бұйрығына сәйкес 2025 жылдың 1 тоқсаны бойынша Қазақстан республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің атырау облысы бойынша департаментімен бірлескен 3 бақылау іс – шаралары жүргізілді.

Бақылау нәтижесімен алдағы уақытта айырмашылықты болдырмау және алдын алу мақсатында 9 ұсыныс берілді.

Төртінші мәселе бойынша сөз - қоғамдық кеңесінің төрағасы Жоламанов Ерғазы Оспанұлына берілді.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша Жоламанов Ерғазы Оспанұлының хабарламасы аяқталды.

Төраға : Қоғамдық кеңесінің кезекті қоғамдық кеңесінің төрағасы Жоламанов Ерғазы Оспанұлы сөз алып, күн тәртібіндегі мәселе хабарланды. Сұрақтарыңыз болама?

Төраға: басқа ұсыныс – пікірлеріңіз бар ма?

Қоғамдық кеңес мүшелерінің міндеттері!

1) Г.Утешова – Мақат аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілер тіркеу бөлімінің басшысы. (Әлеуметтік мәселелерді, аз қамтылған, мүмкіндігі шектеулілердің мәселелері және АХАТтың жұмысы).

2) А.А.Сагингалиев – Мақат аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы. (мемлекеттік, квазимемлекеттік қызметкерлердің этика және жемқорлық мәселесі, дін, саясат және ішкі істер мәселесі).

3) Б.Қ. Тулеуов – жеке кәсіпкер. (Коммуналдық шаруашылық оған қарасты су, жылу, газ, жол, тазалық)

4) Р.Умбетова – зейнеткер. (Білім саласы, медицина мәселесі).

5) Н.Т.Унгаров – жеке кәсіпкер. (Бизнес, рынок, азық – түліктің бағалары, кәсікерлік палатасы).

6) А. Нугиманов - Мақат локомотив пайдалану депосының машинисті (Теміржол бойынша мәселелер және жаңа рефомалардың жүйесі, өзгерістері)

7) Г.Ж.Габдуллин – жеке кәсіпкер. (Ауыл шаруашылығының мәселелері, жер қатынасы, мал жайылымы, ветеринария, су, жем, шөппен қамту).

8) Ә.Т.Қасым - «Мақат тынысы» қоғамдық саяси газетінің бас редакторының орынбасары. (Ақпараттандыру, қоғамдық кеңесте жасалған жұмыстарын насихаттау, газет бетіне жариялау).

9) Ә.Ж. Теңдібай – Мақат балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің тренері (Спорт мәселесі, жастар ресурстарының жұмысы. Тазалық акциялар, спорттық шаралардың)

10) К.Б. Бисенов – зейнеткер. (Ардагерлермен жұмыс жасау, Аналар кеңесі, медитация мәселесі, «Аманат» партиясы, Әкелер кеңесі, Мәдени шараларға қатысу, ұйымдастыру).

Резерв:

1) А.Т. Жугинисов - Мақат балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің басшысы.

2) А.С. Гулнур - Кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімінің басшысы.

3) Г. Т. Едгеева «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының төрағасы.

Төраға : Күн тәртібіндегі мәселе бойынша баяндамалар аяқталды.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша сұрақтар, ұсыныс, пікірлер қойылды. Берілген сұрақтарға жауап беріп, алдағы уақыттарда аталған мәселелер бойынша орындалуына ұсыныс берілді.

Бесінші мәселе бойынша сөз - Мақат ауданы тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекция бөлімінің басшысы Н.Б.Булековке берілді. (баяндама жалғанды).

Төраға : Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында Мақат ауданы тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекция бөлімінің басшысы Булеков сөз алып, күн тәртібіндегі баяндама талқыланды. Сұрақтарыңыз болама?

Қоғамдық кеңесінің мүшесі А.К.Нугиманов: «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 20-бабына сәйкес, «Мақат ауданы тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекция бөлімі» мемлекеттік мекемесі жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы «Таза Мақат» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын құру туралы» аталған қаулы жобасы жолдандыма?

Жауап: Мақат ауданы тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекция бөлімінің басшысы Н.Б.Булеков:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, Қоғамдық кеңес отырысында «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 20-бабына сәйкес, «Мақат ауданы тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекция бөлімі» мемлекеттік мекемесі жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы «Таза Мақат» коммуналдық

мемлекеттік кәсіпорын құру туралы» аталған аудан әкімдігінің қаулы жобасы жолданып, талқыланды.

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің мүшесі А.Т.Қасым: Осы қаулының орындалуын бақылау кімге жүктеледі?

Жауап:

Мақат ауданы тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекция бөлімінің басшысы Н.Б.Булеков: Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қаржауова Асель Шайзадақызына жүктелді. Қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілді.

Төраға : Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша баяндамалар аяқталды.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсыныстарына жауап беріледі.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша сұрақтар, ұсыныс, пікірлер қойылды. Берілген сұрақтарға жауап беріп, алдағы уақыттарда аталған мәселелер бойынша орындалуына ұсыныс берілді.


Қоғамдық кеңес мүшелері баяндамашыларды тындап, талқылап төмедегідей **шешім қабылдады.**

Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Күн тәртібінде қаралған мәселелер қаперге алынды, мақұлданды.
2. Отырыста айтылған ұсыныс пікірлер бойынша орындауға жауапты қызметкерлерге жолданды.
3. 21 бірлікте қызметкерлерді орналастыру үшін, жұмыстар жасау жүктеледі.
4. Қоғамдық кеңеске түскен ұсыным қаперге алынды.
5. Шешімнің орындалуына ұсыныс берілді.

Жиналыс төрағасы

Жиналыс хатшысы




Е.О.Жоламанов

М.К. Мурзагалиева